

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 наурыздағы N 216 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139-құжат; N 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., N 13, 53-құжат; N 21-22, 87-құжат; N 24, 123-құжат; 2006 ж., N 2, 19-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 12, 72-құжат; 2007 ж., N 1, 2-құжат; N 5-6, 40-құжат; N 10, 69-құжат; N 13, 99-құжат):

1) 290-баптың екінші бөлігінде "Облыстық" деген сөздің алдынан "Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың," деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 290-1-баппен толықтырылсын:

"290-1-бап Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың соттауына жататын қылмыстық істер

1. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
с о т т ы ң с о т т а у ы н а :

1) облыстық және оған теңестірілген соттың соттауына жататын істерді қоспағанда,
кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар туралы;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-тарауында көзделген
кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзатын қылмыстар туралы қылмыстық істер
ж а т а д ы .

Ескерту. Егер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында кәмелетке
толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот құрылмаса,
оның соттылығына жататын істерді аудандық (қалалық) сот қарауға құқылы.";

3) 295-бап мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"3. Облыстық және оған теңестірілген соттың соттауына жататын істерді
қоспағанда, қылмыстарды кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасаған адамдарға
қатысты қылмыстық істер, оларды жекелеген іс жүргізуге бөлу мүмкін болмаған кезде
кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
с о т т а р д ы ң с о т т а у ы н а ж а т а д ы .

4. Қылмыстарды кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасаған әскери
қызметшілер болып табылатын адамдарға қатысты қылмыстық істер, оларды жекелеген
іс жүргізуге бөлу мүмкін болмаған кезде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық соттардың соттауына жатады."

2. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу
кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат
; 2001 ж., N 15-16, 239-құжат; 2003 ж., N 14, 109-құжат; 2004 ж., N 17, 97-құжат; 2005 ж
., N 5, 5-құжат; N 13, 53-құжат; N 24, 123-құжат; 2006 ж., N 2, 19-құжат; N 10, 52-құжат;
N 11, 55-құжат; N 12, 72-құжат; N 13, 86-құжат; 2007 ж., N 3, 20-құжат; N 4, 28-құжат;
N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 13, 99-құжат):

1) 3 0 - б а п т а :

1-1-бөліктегі "аудандық және соларға теңестірілген" деген сөздер "ауданаралық"
д е г е н с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 1-3-бөлікпен толықтырылсын:

"1-3. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
соттар баланың тұратын жерін анықтау туралы, ата-ана құқықтарынан айыру (шектеу)
және оны қалпына келтіру, ұл немесе қыз асырап алу, қорғаншылық пен қамқоршылық
(патронат) белгілеу туралы азаматтық істерді қарайды.";

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Егер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында кәмелетке
толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот құрылмаса,
оның соттылығына жататын істерді аудандық (қалалық) сот қарауға құқылы.";

2) 3 1 7 - 1 - б а п т а :

"аудандық және оған теңестірілген сотқа" деген сөздер "кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотқа" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Егер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот құрылмаса, оның соттылығына жататын істерді баланың тұрғылықты (жүрген) жеріндегі аудандық (қалалық) сот қарауға құқылы."

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85, 86-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 98, 102-құжаттар; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18-құжаттар; N 3, 20, 23-құжаттар; N 4, 28, 33-құжаттар; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 12, 88-құжат; N 13, 99-құжат; N 15, 106-құжат; N 16, 131-құжат; N 17, 136, 139, 140-құжаттар; N 18, 143, 144-құжаттар; N 19, 146, 147-құжаттар; №20, 152-құжат; N 24, 180-құжат):

1) 5 3 8 - б а п т а :

1) тармақша "мамандандырылған" деген сөзден кейін "ауданаралық" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық с о т т а р д ы ң с у д ь я л а р ы ; "

ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескерту. Егер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот құрылмаса, олардың соттылығына жататын істерді аудандық (қалалық) соттар қарауға құқылы.";

2) 5 4 1 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і г і н д е :

"аудандық және соларға теңестірілген" деген сөздер "ауданаралық" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"95-112" деген цифрлар "95-110-1" деген цифрлармен ауыстырылсын;
"115, 117" деген цифрлар алып тасталсын;
"318-321" деген цифрлар "318, 319, 320 (бірінші бөлігінде), 321" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;
"325-328" деген цифрлар "325, 326, 327 (бірінші бөлігінде), 328" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;
"332" деген цифрлардан кейін "(бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде)" деген
с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;
"513-535, 537" деген цифрлар "513-518, 520-537" деген цифрлармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
с о т т а р д ы ң с у д ь я л а р ы :

1) кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын осы Кодекстің 12-
тарауында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы;

2) кәмелетке толмағандар осы Кодекстің 320 (екінші бөлігінде), 327 (екінші
бөлігінде), 331, 332 (үшінші бөлігінде), 334 (үшінші бөлігінде), 341 (екінші бөлігінде),
500 (екінші бөлігінде), 519-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар
ж а с а ғ а н ы т у р а л ы . " ;

3) 5 4 3 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і г і н д е :

"113, 114, 116," деген цифрлар алып тасталсын;

"334" деген цифрлар "334 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"341" деген цифрлар "341 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"500" деген цифрлар "500 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і г і н д е :

2) тармақшадағы "334" деген цифрлар "334 (бірінші және екінші бөліктерінде)"
д е г е н с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9) тармақшадағы "113, 114, 116," деген цифрлар және "334 (үшінші бөлігінде)"
д е г е н с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

4) 544-баптың бірінші бөлігіндегі "334" деген цифрлар "334 (бірінші және екінші
бөліктерінде)" д е г е н с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының екінші абзацында:

"111, 112, 115" деген цифрлар "111-117" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"332," деген цифрлардан кейін "334 (үшінші бөлігі)" деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"340," деген цифрлардан кейін "341 (екінші бөлігі)," деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"484," деген цифрлардан кейін "500 (екінші бөлігі)," деген сөздермен толықтырылсын;

б) 655 - бапта :

екінші бөліктегі "аудандық және оған теңестірілген" деген сөздер "ауданаралық" деген сөзбен ауыстырылсын, "сот" деген сөзден кейін "және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктегі "аудандық және оған теңестірілген" деген сөздер "ауданаралық" деген сөзбен ауыстырылсын, "сотқа" деген сөзден кейін "және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сотқа" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 661-баптың бірінші бөлігіндегі "аудандық және оған теңестірілген" деген сөздер "ауданаралық" деген сөзбен ауыстырылсын, "сот" деген сөзден кейін "және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 664-баптың үшінші бөлігіндегі "аудандық және оған теңестірілген" деген сөздер "ауданаралық" деген сөзбен ауыстырылсын, "әкімшілік сот" деген сөздерден кейін "және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот" деген сөздермен толықтырылсын ;

9) 668-баптың бесінші бөлігіндегі "аудандық және оған теңестірілген" деген сөздер "ауданаралық" деген сөзбен ауыстырылсын, "әкімшілік сот" деген сөздерден кейін "және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот" деген сөздермен толықтырылсын ;

10) 672-баптың мәтініндегі "аудандық және оған теңестірілген" деген сөздер тиісінше "ауданаралық" деген сөзбен ауыстырылсын, "әкімшілік соттың", "әкімшілік соттардың", "әкімшілік соттар" деген сөздерден кейін тиісінше "және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттың", "және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттардың", "және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттар" деген сөздермен толықтырылсын .

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті